ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КЕЗЕКТЕН ТЫС ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС МӘЖІЛІСІНІҢ
№3/1 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ
20.11.2026 ж.

МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА
ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА №3/1
ВНЕОЧЕРЕДНОГО ЗАСЕДАНИЯ
УЧЕНОГО СОВЕТА
20.11.2026 г.

Түркістан қаласы
Сағат 15.00
Қатысқандар: Ғылыми кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

1. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2026» атағын беру конкурсына үміткерлерді ұсыну

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші сұрақ бойынша: *Ғылыми зерттеу орталығы басшысының м.а. Г. Аширбек* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан жарияланған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2026» атағын беру конкурсына үміткерлерді ұсыну туралы баяндады.

«Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсына Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі талабы бойынша ЖОО-ның штаттық оқытушылары болып табылатын және конкурсқа құжаттарын тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үзіліссіз ғылыми-педагогикалық өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қатыса алатындығын атап өтті.

Республикалық конкурсқа қатысу үшін Конкурс ережесіне сәйкес 50 штаттық оқытушыға 1 үміткерден аспайтын есеппен Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының үздік оқытушылары айқындалатындығын айтты.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан жарияланған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2026» атағын беру конкурсына университеттен үміткерлердің құжаттарын қарау мақсатында комиссия құрамы бекітілді *(2026 жылғы 09 қарашадағы №66-Ө бұйрығы)*.

Университеттен конкурстың бірінші кезеңіне «Туризм» мектебінің директоры, қауымдастырлған профессор (доцент), PhD С.А. Нахипбекова, «Дене шынықтыру және спорт» мектебінің директоры, профессор Б.С. Омаров, «Гуманитарлық» мектебінің профессор м.а., филос.ғ.к. А.Ж. Малдыбек, «Гуманитарлық» мектебінің профессор м.а., т.ғ.к. Э.Е. Альжанова және «Тіл» мектебінің қауымдастырлған профессоры (доцент), п.ғ.к. Б.Б. Кенджаева құжаттарын ұсынды.

Конкурстық құжаттамалар Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ақпараттық жүйесі арқылы рәсімделді және сараптама тобымен бағаланды.

Сарапшылар және апелляциялық комиссияның сапалық және сандық көрсеткіштер бойынша қорытындысы:

№	ОПҚ аты-жөні	Мектеп	Ғылыми дәрежесі, атағы	Жұмыс өтілі	Ұпайы
1	Омаров Бахытжан Султанович	Дене шынықтыру және спорт мектебі	PhD, профессор	26	97
2	Кенджаева Балнур Балабековна	Тіл мектебі	П.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)	23	94
3	Малдыбек Ақмарал Жұмағұлқызы	Гуманитарлық мектебі	Филос.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)	26	78
4	Нахипбекова Сымбат Абдраимқызы	Туризм мектебі	PhD, қауымдастырылған профессор (доцент)	13	69

5	Альжанова Эльмира Есиркеповна	Гуманитарлық мектебі	Т.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент)	31	68,5

Сараптама тобы жұмысының нәтижесі және арнайы құрылған конкурстық комиссия мәжілісінің шешімімене сәйкес «Тіл» мектебінің қауымдастырлған профессоры (доцент), п.ғ.к. Б.Б. Кенджаева және «Туризм» мектебінің директоры, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD С.А. Нахипбекова «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының 2-кезеңіне үміткерлер ретінде ұсынылды.

Ғылыми кеңес мүшелерінің талқылауымен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын беру конкурсының 2-кезеңіне үміткерлерді ұсыну үшін арнайы құрылған конкурстық комиссия мәжілісінің шешіміне сәйкес «Тіл» мектебінің қауымдастырлған профессоры (доцент), п.ғ.к. Кенджаева Балнур Балабековна және «Туризм» мектебінің директоры, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD Нахипбекова Сымбат Абдраимқызының құжаттарын «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2026» конкурсының Республикалық кезеңіне ұсыну туралы шешім шығарылды.

ШЕШІМ:

1.1 «Тіл» мектебінің қауымдастырылған профессоры (доцент), п.ғ.к. Кенджаева Балнур Балабековнаның құжаттары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2026» атағын беру конкурсының Республикалық кезеңіне қатысу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсынылсын.

1.2 «Туризм» мектебінің директоры, қауымдастырылған профессор (доцент), PhD Нахипбекова Сымбат Абдраимқызының құжаттары «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2026» атағын беру конкурсының Республикалық кезеңіне қатысу үшін Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне ұсынылсын.

Шешім бірауыздан қабылданды

Ғылыми кеңес төрағасы **Б. Мырзаев**

Ғылыми кеңес хатшысы **Ж. Тлеубергенова**

НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «МЕЖДУНАРОДНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ТУРИЗМА И ГОСТЕПРИИМСТВА» БИН 190440033845 РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН Г. ТУРКЕСТАН